



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 14 маусым

Сыртқы борыштың жай-күйі туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді

Елдің сыртқы борышы 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 168 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол сыртқы борыштың құрылымында 62%-ы фирмааралық берешекке тиесілі екенін атап өтті, ол негізінен Қазақстанның аумағында мұнай-газ жобаларын іске асыратын шетелдік компаниялар филиалдардың борышынан тұрады.

«Мемлекеттік сектордың сыртқы борышы 8%-ды, мемлекет бақылайтын ұйымдардікі - 16%-ды, жеке сектордікі – 14%-ды құрайды», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Атап айтқанда, ол соңғы 3 жылда Қазақстанның сыртқы борышы мемлекеттің және оның бақылауындағы ұйымдардың сыртқы борышының, сондай-ақ топшілік қаржыландырудың есебінен 10 млрд. АҚШ долларына немесе 6%-ға ұлғайғанын айтып берді.

«Жеке қаржы секторының сыртқы міндеттемелері 4 млрд. АҚШ долларына немесе 56%-ға қысқарды», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Қорытындылай келе, ол қазіргі уақытта Үкімет мемлекеттік және квазимемлекеттік қарыз алуды бақылауды күшейтіп жатқанын айтты. Ұлттық Банк, өз кезегінде, қаржы ұйымдарының сыртқы борышын реттеу жұмысын жалғастырады.

Данияр Ақышев – «7-20-25» бағдарламасы 2018 жылдың екінші жартысында іске қосылады деп күтіледі

«7-20-25» бағдарламасының жобасы әзірленді және ол Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында жақын уақытта жарияланатын болады. Бағдарлама ағымдағы жылдың екінші жартысында іске қосылады деп күтіледі. Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкі қажетті инфрақұрылымды құрып та қойғанын атап өтті – жаңа ипотекалық Бағдарламаның операторы – «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ еншілес ұйымы жұмыс істеп жатыр.

«Бұл компания облигациялар шығарады және тартылған қаражат есебінен банктерден 1 трлн теңгеге дейінгі көлемде қарыздарды сатып алады. Қазіргі уақытта ұйым өзара іс-қимыл жасаудың техникалық мәселелерін іс жүзінде іске асыруды талқылау үшін банктермен тығыз өзара іс-қимыл жасауда», - деді Д.Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы бұрын-соңды болмаған талаптарды ұсынып отырып Бағдарламаны әлеуетті қарыз алушылар ешбір жағдайда мемлекеттің өтеусіз көмегі ретінде қабылдамауға тиіс екенін атап өтті.

«Қарыз алушылар тарапынан да, банктер тарапынан да төлем қабілетінің болуы және әділ нарықтық қағидаттарды қатаң сақтау – жаңа ипотекалық Бағдарламаның негізі болады. Қарыз алушыда 20% мөлшеріндегі бастапқы жарнаның болуы Бағдарлама талаптарының негізгі талаптарының бірі болып табылады. Бұдан басқа әлеуетті қарыз алушылардың мұндай жарнаны банкке беруі оларға алынатын қарыздың ең аз мөлшерін қамтамасыз ететінін, демек қарыз бойынша пайыздық шығыстар да аз болатынын түсінгені маңызды», - деп түсіндірді Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Зейнетақы жинақтарын бастапқы жарна ретінде пайдалану туралы сұраққа Д.Ақышев азаматтардың зейнетақы жинақтары олардың қазіргі тұрғын үй проблемаларын шешу үшін емес, зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейінгі еңбекке жарамсыздығын қамтамасыз етуге ғана жұмсалуға тиіс деп жауап берді.

«Бұл – Қазақстан Ұлттық Банкі ұстанатын зейнетақымен қамсыздандыру тұжырымдамасы. Сонымен бірге бастапқы жарнаны бірден беруге мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін «ҚТҚЖБ» АҚ-тағы салымына ақшаны толтыру және тұрғын үй қарызын Бағдарлама талаптарының тартымдылығынан кем болмайтын талаптармен алу арқылы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысу арқылы баспана алу мүмкіндігі бар», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Данияр Ақышев - Валюта нарығына қатысушылар теңгенің бағамын түбегейлі факторлардың ықпал етуімен шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптастырды

Соңғы аптада теңгенің АҚШ долларына бағамы шетел валютасына деген сұраныстың жоғары болуы салдарынан әлсіреуін көрсетті. Халықтың шетелге демалысқа бару маусымы сұраныстың көтерілуінің негізгі факторлары болды, соның салдарынан қолма-қол ақшаны теңгеден АҚШ долларына айырбастау байқалды. Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Дамушы нарықтардың валюталарына қатысты АҚШ долларының жалпы нығаюы және АҚШ-тың Федералдық Резервінің пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюын күтулері аясында АҚШ-тағы дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуі дамушы нарықтардың мөлшерлемелерінің жалпы төмендеуі кезінде теңгенің АҚШ долларына бағамының ықпал еткен факторлар болып табылады», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Ол АҚШ-тың Қазақстанның негізгі сауда әріптесі – Ресейге қатысты салған санкциялары капиталдың Ресейден әкетілуін күшейткендігін атап өтті, бұл рубль бағамының әлсіреуіне әкелді, ол теңге бағамын қалыптастыру факторларының бірі болып табылады.

«Ұлттық Банк теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимін ұстануды жалғастыруда. Валюта нарығына қатысушылар теңгенің бағамын түбегейлі факторлардың ықпал етуімен шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптастырды», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д.Ақышев соңғы уақытта сыртқы монетарлық талаптардың қатаңдатылуы, геосаяси тәуекелдердің күшеюі және дамыған нарықтардан капиталдың әкетілуі жағдайында теңге бағамы құбылмалылықты көрсетті деп атап өтті. Бұл ретте Ұлттық Банктің қалыптасып отырған ахуалға деген реакциясы бейтарап болды.

«Қазақстан Ұлттық Банкінің өктемдігі барынша аз болды. Біздің валюта нарығына қатысуымыз, мысалы алыпсатарлық операциялар және т.б. сияқты іргелі емес факторлардың ықпалына байланысты валюта бағамын күрт тұрақсыздандыратын өзгерістерді болдырмауға бағытталған», - деді Д.Ақышев.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкінің валюта нарығына нетто қатысуы соңғы 7 ай ішінде 0-ге тең болды деп қосты.

«Біз сыртқы нарықтардағы ахуалға тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отырамыз және дағдарыстық құбылыстар орын алған жағдайда, оның салдарларын азайту үшін ақша-кредит саясатының тиісті шараларын қабылдауға дайынбыз», - деп қорытындылады Д.Ақышев.

Данияр Ақышев ЭксимБанк, Астана Банкі және Qazaq Bankі туралы айтып берді

Ағымдағы жылы үш банк – ЭксимБанк, Астана Банкі және Qazaq Bankі-нің клиенттері алдындағы міндеттемелерін уақытында орындамауына байланысты жаңа депозиттер қабылдау, үш ай мерзімге жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу бойынша лицензиялары тоқтатылды. Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол қазіргі кезде ЭксимБанктің, Qazaq Bankі мен Астана банкінің өтімділіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуде тығырыққа тіреліп отырғандығын және үш банкте де клиенттер алдындағы міндеттемелерін уақтылы орындау шектеулі екендігін айтып өтті.

«Аталған банктердің клиенттер алдындағы өз міндеттемелерін орындауы үшін жеткілікті ақша қаражатын түрлендірмеген несие портфельдерінің нашар сапасы олардың лицензияларын тоқтата тұруға және қайтарып алуға байланысты орын алған жағдайдың басты себебі болып табылады. Әдетте, проблемалы банктер жақсы кредиттер бермейді. Олардың несие портфельдерінің өсуінен капитал қоры күшеймейді. Олардың тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару стандарттарын жоғары деп те айта алмаймыз, ал несие портфельінің сапасы барынша төмен күйінде қалып отыр», - деп түсіндірді Д. Ақышев

Сондай-ақ, Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша ахуалдың нашарлауының тағы бір себебі клиенттер ортасының жоспардан тыс жаппай кетуі болды.

«Біз ЭксимБанктің, Qazaq Bankі мен Астана банкінің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіп, банктердің менеджментімен және акционерлерімен жағдайды тұрақтандыруға бағытталған шараларды әзірлеу бойынша келіссөздер жүргізіп жатырмыз», - деді Д. Ақышев.

Сөз соңында ол Қазақстан Ұлттық Банкінің депозиттерді қабылдауға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылатынын еске салды. «Жеке тұлғалардың салымдары, ақшасы мен төлем карточкалары және банк шоттары 10 млн теңгеге дейінгі сомада депозиттерге кепілдік беру жүйесімен қорғалған», - деді Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz